

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 4 мамырдағы
№175 бұйрығына қосымша

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған «Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру пәні мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

Бағдарлама авторлары:
Абишев Асылхан Рақымжанұлы
– б.ғ.к., аға оқытушы,
Петровск ғылым және өнер
Академиясының академигі
Төлегенұлы Нұржан
– философия докторы (PhD)

Алматы, 2025

Жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған «Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру пәні мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ереже

1. Жалпы білім беру ұйымдарының педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсы бойынша «Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру пәні мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» (бұдан әрі – Бағдарлама) білім беру бағдарламасы жалпы білім беретін мектептер мен колледждердің дене шынықтыру пәні мұғалімдеріне арналған.

2. Дене шынықтыру пәні мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңарту процестерімен байланысты және дене шынықтыру мұғалімдеріне білім мазмұнын жаңарту мәнін сәтті игеруде, оның дайындығын қалыптастырудағы негізгі ерекшеліктерін, құрылымын түсініп, оның талаптарын іске асыра білуде қолдау көрсету қажеттілігімен анықталады.

2. Глоссарий

Дене шынықтыру – мәдениеттің құрамдас бөлігі, адамның дене бітімін және интеллектуалдық қабілеттерін дамыту, дене тәрбиесі мен дене бітімін дамыту арқылы оның қозғалыс белсенділігін жетілдіру және саламатты өмір салтын қалыптастыру, әлеуметтік бейімдеу мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын рухани және материалдық құндылықтар жиынтығын білдіретін әлеуметтік қызмет саласы.

Дене шынықтыру даярлығы – адамның дене шынығуы қасиеттерін тәрбиелеуге және функционалдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған педагогикалық процесс.

Дене шынықтыру – сауықтыру және спорт ғимараттары – жеке адамдардың дене жаттығуларымен, спортпен айналысуына және спорттық іс-шараларды өткізуге арналған, арнайы жабдықталған (соның ішінде спорттық мұқаммалмен) объектілер (алаңдар, үйлер, ғимараттар).

Арнайы жас ерекшелеріне байланысты білім мекемелеріне арналған тестілері – балалардың, жастардың және ересек тұрғындардың дене шынықтыру даярлығына қойылатын нормативтік талаптардың жиынтығы.

Мектеп спорты – бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін білім беру ұйымдарында оқитындардың дене тәрбиесіне, оларды спорттық іс-шараларға қатысуға даярлауға бағытталған спорттың бір бөлігі.

Мектептегі спорттық лига – мақсаты мектеп спортын кеңінен таратуға және бір немесе бірнеше спорт түрін дамытуға жәрдемдесу, мектеп оқушыларымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу болып табылатын мектеп оқушылары арасындағы спорттық қозғалыс.

Спорт түрі – жаттығу ортасы, жарыстастық қызметіндегі дене шынықтыру жаттығуларының немесе интеллектуалдық қабілеттердің жиынтығы және жарыстар қағидалары айырым белгілері болып табылатын спорттың құрамдас бөлігі.

Спорттық - бұқаралық іс-шаралар – адамның дене бітімін және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, саламатты өмір салтын насихаттауға бағытталған, спорт құрылыстары мен объектілерінде, сондай-ақ спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған ашық жерлерде өткізілетін, осы іс-шараларда екі жүз және одан көп көрерменнің бір мезгілде болуы көзделетін іс-шаралар.

Ұлттық спорт түрлері – жарыс әрекеті нысанында тарихи түрде қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігі ұйымдастырылуының өзіндік қағидалары мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін спорт түрлері.

Бағалау – білім алушылардың оқуда нақты қол жеткізген нәтижелерін оқытудан күтілетін нәтижелермен әзірленген критерийлер негізінде салыстыру үрдісі.

Бағалау критерийлері – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға негіз болатын нақты өлшеуіштер.

Білім беру саласы – баламалы оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын негізгі орта білім берудің базалық мазмұнының құраушы бөлігі.

Білім берудегі құндылықтар – білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы бағдарлар.

Білім алушының дайындық деңгейі – тұлғалық, жүйелік-әрекеттік және пәндік нәтижелерінен көрінетін білім алушылардың орта білім мазмұнын меңгеру деңгейі.

Білім беру мазмұнын меңгерудің базалық деңгейі – білім алушылардың білім, іскерлік және дағдының міндетті көлемін меңгеру деңгейі.

Ерекше білім беру қажеттіліктері – денсаулығына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларына мұқтаж балалардың қажеттіліктері.

Жұмыс оқу жоспары – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде жалпы орта білім беретін ұйымдар әзірлейтін құжат.

Инклюзивті білім беру – барлық білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін процесс.

Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті негізгі орта білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі.

Оқу жүктемесінің инвариантты компоненті – білім беру ұйымдарында типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылардың оқып білуі үшін міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құраушы компоненті.

Оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымдары айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құраушы компоненті.

Оқытудан күтілетін нәтижелер – оқыту процесі аяқталғанда білім алушының нені біліп, түсініп, көрсете алатынын сипаттайтын құзыреттіліктер жиынтығы, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері ескеріледі.

Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны.

Үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инвариантты және вариативті компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат.

Формативті бағалау – сабақта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптар
1. Нормативтік-құқықтық модуль	1.1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен); Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ; Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ
	1.2 ЖББМ жағдайында мұғалімнің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар
2. Психологиялық-педагогикалық модуль	2.1 Оқу үрдісін тұлғалық-белсенділік негізі ретінде қарастырып ұйымдастыру
	2.2 Сабақты психологиялық талдау мұғалімнің кері байланыс арқылы сабақ жоспарлау негізі
	2.3 Ойын барысында оқушылардың өзара қарым-қатынас орнатуы, командалық жұмыс жасау дағдыларын дамыту
	2.4 Спортта өзін-өзі реттеу және психологиялық көмек көрсету тренингтері
	2.5 Сабақта, жаттығулар мен жарыс кезінде этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелері
3. Дене шынықтыруды оқытудың қазіргі заманғы технологиялары модуль	3.1 Білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсаттары мен міндеттері
	3.2 Мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары
	3.3 Білім мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыруды жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегиялары
	3.4 Дене шынықтыру сабағында рефлексия, білім мазмұнын жаңарту жағдайында қалыптастырушы, критериалды бағалау
	3.5 Баскетбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері
	3.6 Волейбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері
	3.7 Футбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері
	3.8 Дене шынықтыру сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған түрлендірілген қозғалмалы және жаңартылған ойындар топтамасы
	4.1 Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың денсаулығының жай-күйін, функционалдық мүмкіндіктерін және физикалық көрсеткіштерін тексеру

4. Медико-биологиялық модуль	4.2 Спорттық секцияларда жаттығушы мектеп оқушыларын дәрігерлік және биологиялық бақылау
	4.3 Мектеп жасындағы артық салмақты балалардың дене жүктемесі мен тамақтануы
	4.4 Белсенді демалыс іс-шараларын мектеп жасындағы балалардың денсаулығын жақсарту құралы ретінде пайдалану (физикалық жұмыс қабілетін жоғарлату және резервтік мүмкіндіктері бар жүктемелердің ғылыми-әдістемелік негіздемесі)
5. Технологиялық модуль	5.1 Сабақта ақпараттық-коммуникацияларды пайдалану технологиялары
	5.2 Қашықтан оқытудың техникалық сервистері мен инструменттері
	5.3 Видео материалдарды өңдеу әдістемесі және оларды презентацияда пайдалану технологиясы
6. Вариативтік модуль	6.1 Білім беру ұйымдарында аутсорсинг қызметін ұйымдастыру және жоспарлау
	6.2 Сабақты ұйымдастыру мен өткізуде тұжырымдамалық идеяларды қолдану

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: дене шынықтыру мұғалімдерінің кәсіби құзреттілігін дамыту болып табылады. Педагогикалық сыныптарда жұмыс істеу үшін педагогтердің ғылыми-әдістемелік және практикалық құзреттерін қалыптастыру және дамыту мақсатында тиімді ұйымдастырушылық-педагогикалық және психологиялық тұрғыда жүйелі түрде теориялық және практикалық тұрғыда көмек көрсету.

Бағдарламаның міндеттері:

- 1) білім беру ұйымының қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың стратегиялық бағыттарын іске асыру тетіктері туралы білімді жүйелеу;
- 2) дене тәрбиесінің теориясы мен әдістері туралы білімдерін тереңдету;
- 3) қол жеткізілетін мақсат қою қабілеттерін дамыту, сонымен қатар орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлау түрін игеру;
- 4) қазіргі оқыту технологияларының мазмұны және оларды практикада қолдану туралы білімді жалпылау және тереңдету;
- 5) білім беру қызметін жоспарлау, бақылау және бағалау дағдыларын, білім алушы үшін нәтижеге қол жеткізудің тиімді әдістерін анықтау дағдыларын дамыту;
- 6) бұқаралық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын оқу процесінде, сабақтан тыс ұйымдастыру және өткізу дағдыларын қалыптастыру;
- 7) дене шынықтыру сабақтарында және спорт секцияларында медико-биологиялық бақылау әдістерін игеру дағдыларын қалыптастыру;

8) ақпараттық және коммуникациялық-технологиялық құзреттілікті қалыптастыру.

Күтілетін нәтижелері:

Курстық дайындықты аяқтағаннан кейін курс тыңдаушылары:

- 1) мұғалімнің білім беру қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарды біледі;
- 2) оқу материалдарын және тақырыпты ресурстармен қамтамасыз етуді талдай алады;
- 3) ұзақ мерзімді жоспарлау мақсатына сәйкес орта мерзімді, қысқа мерзімді сабақ жоспарын құруды, қолдана біледі;
- 4) пән бойынша қалыптастырушы бағалау, критериалды бағалау дағдыларын меңгереді;
- 5) бұқаралық спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын оқу процесінде, сабақтан тыс жоспарлауды және өткізуді біледі;
- 6) білім алушының денсаулық жағдайын, функционалды мүмкіндіктері мен физикалық көрсеткіштерін қалай тексеруге болатындығын біледі;
- 7) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды біледі.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарлама 6 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) психологиялық-педагогикалық;
- 3) дене шынықтыру сабағын берудің жаңа технологиялары;
- 4) дәрігерлік-биологиялық;
- 5) технологиялық;
- 6) вариативтік.

Вариативтік бөлім кіріс саунамасы бойынша курс тыңдаушылардың сұранысымен құрастырылады.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен); «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ; Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы; Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ; Пәндік бағдарламалары мен нормативтік-құқықтық құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

2-модуль. Психологиялық-педагогикалық. Оқу үрдісін тұлғалық-белсенділік негізі ретінде қарастырып ұйымдастыру; сабақтың психологиялық талдауы мұғалімнің кері байланыс арқылы сабақ жоспарлау негізі; ойын барысында білім алушылардың өзара қарым-қатынас орнату, командалық жұмыс жасау дағдыларын дамыту; спортта өзін-өзі реттеу және психологиялық көмек көрсету тренингтері; сабақта, жаттығулар мен жарыс кезінде этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелері оқытылады.

3-модуль. Дене шынықтыруды оқытудың қазіргі заманғы технологиялары. Білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсаттары мен міндеттері зерделенеді Мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары. Білім мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыруды жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегиялары. Дене шынықтыру сабағында рефлексия, білім мазмұнын жаңарту жағдайында қалыптастырушы, критериалды бағалау. Спорт түрлері: баскетбол, волейбол, футбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері. Дене шынықтыру сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған түрлендірген ойындармен танысады.

4-модуль. Медико-биологиялық. Дене шынықтыру сабақтарында білім алушының денсаулығының жай-күйін, функционалдық мүмкіндіктерін және физикалық көрсеткіштерін тексеру әдістері. Спорттық секцияларда жаттығушы мектеп оқушыларын дәрігерлік және биологиялық бақылау. Мектеп жасындағы артық салмақты балалардың дене жүктемесі мен тамақтануы. Белсенді демалыс іс-шараларын мектеп жасындағы балалардың денсаулығын жақсарту құралы ретінде пайдалану (физикалық жұмыс қабілетін жоғарлату және резервтік мүмкіндіктері бар жүктемелердің ғылыми-әдістемелік негіздемесі) оқытылады.

5-модуль. Технологиялық. Тыңдаушылар педагогтің кәсіби қызметінде заманауи қашықтан оқыту технологияларын қолдану тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану аясын кеңейтеді; қашықтан білім беру технологияларын қолдану, ақпараттық білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздіктік ережелерін зерделейді.

6-модуль. Вариативтік. Бұл модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасымен анықталады. Дене шынықтыру пәні мұғалімінің аутсорсинг қызметін ұйымдастырудағы негізгі бағыттары, Сабақты ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік жұмыс жүйелері туралы айтылады.

6. Оқыту процесін ұйымдастыру

1. Біліктілікті арттыру курсы күндізгі (қашықтан) оқыту режимде ұйымдастырылады;
2. Оқу курсының ұзақтығы - 80 академиялық сағатты құрайды;
3. Білім беру процесі оқытудың келесі интерактивті түрлері мен әдістерін камтиды: дәрістер, практикалық жұмыс, шеберлік сыныптар, шағын сабақтың таныстырылымы, бейнефильмдерді талқылау, сұрақтарды бірлесіп шешу;

4. Тыңдаушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалар: тест тапсырмалары, шағын жоба енгізіледі;

5. Курс бағдарламасын аяқтағанда – қорытынды тестілеу алынады;

6. Курс тыңдаушыларға курстан кейінге бір жылдық әдістемелік көмек семинарлары қарастырылған.

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Жаңартылған білім мазмұны аясында дене шынықтыру пәні мұғалімінің құзыреттілігін дамыту» күндізгі (қашықтықтан, аралас) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№	Сабақтың тақырыптары	Деріс	Практикалық сабақ	Өзіндік жұмыс	Шағын сабақтардың таныстырылымы	Барлығы
1	НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	2				2
1.1	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен); Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ; Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ	2				2
1.2						
2	ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МОДУЛЬ	6	1			7
2.1	Оқу үрдісін тұлғалық-белсенділік негізі ретінде қарастырып ұйымдастыру.	1				1
2.2	Сабақты психологиялық талдау мұғалімнің кері байланыс арқылы сабақ жоспарлау негізі.	1				1
2.3	Ойын барысында оқушылардың өзара қарым-қатынас орнату, командалық жұмыс жасау дағдыларын дамыту.	2	1			3
2.4	Спортта өзін-өзі реттеу және психологиялық көмек көрсету тренингтері.	1				1

2.5	Сабақта, жаттығулар мен жарыс кезінде этикалық нормалар мен мінез-құлық ережелері.	1				1
3	ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ МОДУЛЬ	11	12	12	10	45
3.1	Білім беру және тәрбие жүйесіндегі дене шынықтырудың мақсаттары мен міндеттері	3				3
3.2	Мектептегі дене шынықтырудың заманауи педагогикалық технологиялары	2				2
3.3	Білім мазмұнын жаңарту жағдайында дене шынықтыруды жоспарлаудың жаңа тәсілдері мен стратегиялары	2	2	2		6
3.4	Дене шынықтыру сабағында рефлексия, білім мазмұнын жаңарту жағдайында қалыптастырушы, критериялды бағалау	2	2	2	2	8
3.5	Баскетбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері		2	2	2	6
3.6	Волейбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері		2	2	2	6
3.7	Футбол бойынша заманауи оқу-тәрбие процесінің аспектілері		2	2	2	6
3.8	Дене шынықтыру сабақтарында сыни тұрғыдан ойлауды дамытуға арналған түрлендірілген қозғалмалы және жаңартылған ойындар топтамасы	2	2	2	2	8
4	МЕДИКО-БИОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	9	4			13
4.1	Дене шынықтыру сабақтарында оқушылардың денсаулығының жай-күйін, функционалдық мүмкіндіктерін және физикалық көрсеткіштерін тексеру әдістері.	2	2			4
4.2	Спорттық секцияларда жаттығушы мектеп оқушыларын дәрігерлік және биологиялық бақылау.	3	2			5
4.3	Мектеп жасындағы артық салмақты балалардың дене жүктемесі мен тамақтануы.	2				2
4.4	Белсенді демалыс іс-шараларын мектеп жасындағы балалардың денсаулығын жақсарту құралы ретінде пайдалану (физикалық жұмыс қабілетін жоғарлату және резервтік мүмкіндіктері	2				2

	бар жүктемелердің ғылыми-әдістемелік негіздемесі).					
5	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	3	3		2	8
5.1	Сабақта ақпараттық-коммуникацияларды пайдалану технологиялары.	1	1			2
5.2	Дене шынықтыру сабағында АКТ техникалық сервистер мен инструменттер	2				2
5.3	Видео материалдарды өңдеу әдістемесі және оларды презентацияда пайдалану технологиясы.		2		2	4
6	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ	5				5
	Барлығы:	36	20	12	12	80

Ескерту: Курстың бір академиялық сағатты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы № 249 бұйрығы)

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «Педагогтың заманауи бейнесі» презентациясы өткізіледі. «Педагогтың заманауи бейнесі» презентациясы. Мақсаты: осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін игеру қорытындылары бойынша педагогикалық процестерді ұйымдастыруда инновациялық тәсілдерді түсіну мен қолдануды бағалау.

«Педагогтың заманауи бейнесі» презентациясын бағалау критерийлері (5 слайдтан аспайды). Презентацияны бағалау бойынша ең жоғары балл саны - 15 балл: 0- «дәлел жоқ», 1- «дәлелдер әлсіз», 2- «дәлелдер жеткілікті», 3- «дәлелдер күшті».

№	Бағалау критерийлері дескриптор	0	1	2	3	Барлығы
1	Өзін-өзі таныстыру деректері дұрыс көрсетілген					
2	Ерекшелік қарастырылады әдістемелік аспектіні түсіну байқалады					
3	Жұмыстағы қиындықтардың рейтингі мұғалімнің қызметі мен өзін-өзі дамытуға тікелей байланысты					
4	Өзін-өзі дамытудың траекториясы мақсат қоюы мен қамтамасыз етіледі, мұғалімнің қызметі мен өзін-өзі дамытумен байланысты					

5	Педагогтің өзін-өзі дамытудың кемінде 3 қадамы әзірленеді					
Қорытынды баллдар (max - 15 балл)						

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратор (оқытушының) түрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметті желілер (WhatsApp және т.б.), сервистерді (Google-Duo, Hangouts және т.б.), Интернет-платформаларды қолдана отырып, консультациялар, онлайн іс-шаралар курсы өткізу;

2-кезең – пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Олардың қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету;

3-кезең – тыңдаушылардың алгоритімдік материалдарды қолданып, өзінің және білім алушылардың алгоритімдік сауаттылығын дамыту мен алгоритімдік мәдениетін көтеру бойынша жұмыстарын жалғастыруға көмек көрсету;

4-кезең – куратор (оқытушы) арқылы тыңдаушылардың кәсіби құзреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде (облыстық, республикалық деңгейде) сөз сөйлеу;
- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейде);
- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыс және т.б.);
- республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та мүмкін авторлық бірлестікте ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен) // <http://adilet.zan.kz>
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.
3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы.
4. Дене шынықтыру және спорт туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V ҚРЗ.
5. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорт саласын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 қаулысы
6. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.
7. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 бұйрығы.
8. Е.Қ. Уаңбаев. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдіснамасы: оқулық. – 8-ші басылым, өңделіп толықтырылған. – Алматы: «Үш Ұяна», 2022. 368 б.
9. Ә.М. Мұратова, А.С. Рахимова. «Мектепке дейінгі дене тәрбиесі және оқыту әдістемесі» пәнінен оқу-әдістемелік кешен. – Өскемен, 2023. – 306 б.
10. Бейімдік дене шынықтыру және спорт: Оқу құралы. – Нұр-Сұлтан, баспа, 2019. – 408 б.
11. Дене шынықтыру және спорт биохимиясы / Құраст.: Бұғыбаева С.Ж., Лесбекова Р.Б., Есжан Б.Ф., Нұрашова Б.Ы. Оқу құралы. – Алматы: КазСТА, 2017. – 237 б.
12. Бишаева А.А. Дене шынықтыру: орта кәсіби білім беру мекемелерінің студенттеріне арналған / А.А. Бишаева. – 2- басылым., стер. – М.: «Академия» баспа орталығы, 2017. – 320 б.
13. Инклюзивті білім беру жағдайында «Дене шынықтыру» пәнінің оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 184 б.
14. С. Тайжанова., А. Қарақов. Дене тәрбиесі. 2- кітап. Оқулық. (Бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесі) Алматы, ССК, 2019. – 296 б.
15. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры (введение в теорию физической культуры; общая теория и методика физического воспитания): учебник для высших учебных заведений физкультурного профиля. – 4-е изд. – М. : Спорт, 2021 – 520 с.

16. Кузьмина Н.С. Физическая культура: учебное пособие / Беловский институт (филиал) федерального государственного образовательного учреждения высшего образования «Государственный университет». – Красноярск: НИЦ, 2021 – 320 с.

17. Зюрин Э.А. История и теория физической культуры. Технологии физического воспитания: учебное пособие / Федеральный научный центр физкультуры и спорта; Владим. государственный университет им. Н.Г. Столетовых. – Владимир: Издательство ВлГУ, 2019 – 292 с.

18. Егорычев А.О. Физическая культура. [Электронный ресурс]: Учебное пособие для студентов очно-заочной и заочной форм обучения / А.О. Егорычев. – М.: РГУ нефти и газа (НИУ) имени И.М. Губкина, 2020. – 94 с.

19. Пикар Т.М. Физическая культура и спорт. Здоровый образ жизни. Воспитание молодежи: учебное пособие / ФГБОУ ВО «Санкт-Петербургская государственная художественно-промышленная академия имени А.Л. Штиглица». – Санкт-Петербург: СПГХПА им. А.Л. Штиглица, 2021 – 236 с.

Қосымша әдебиеттер:

1. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023 – 104 б.

2. Ж.И. Жунусбеков. Жалпы білім беретін мектептердегі сабақтан тыс дене тәрбиесі жұмыстары (таеквондо мысалында): Оқу құралы, Ж.И. Жунусбеков – Алматы: ҚазСТА, 2023. – 289 б.

3. Р.К. Рахимбеков. Қазақ күресі: Оқу құралы / Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. Қарағанды: ҚарМТУ баспасы, 2013. - 52 б.

4. М.Т. Нургалиев. Оқушылардың жас ерекшелігіне сай ұлттық ойын түрлерін пайдаланудың тиімді жолдары / құрастырушы авторлар: – Алматы облысы, дене шынықтыру және физика пәндерінің мұғалімдері, 2021 – 48 б.

5. Физическая культура и спорт в образовательной организации: монография / под общей редакцией научного совета МОПИ им. Ломоносова. – СПб.: МИПИ им. Ломоносова, 2023 – 80 с.

6. Гусев А.В., Илькевич К.Б., Болдов А.С. Физическая культура и спорт. Курс лекций для бакалавров [Электронный ресурс]: учебное пособие – Эл. изд. - Электрон. текстовые дан. (1 файл pdf: 212 с.). –2023 – Режим доступа: http://scipro.ru/conf/physical_cultures1023.pdf.

7. Корнеева Е.В. Физическая культура: учебное пособие для вузов / под редакцией Е.В. Конеевой. – 2-е изд., перераб. и доп. – Москва: Изда-тельство Юрайт, 2020 – 599 с.

8. Масловская Ю.И. Физическая культура: электронный учебно-методический комплекс для спортивной учебной группы по легкой атлетике; БГУ, Кафедра физического воспитания и спорта. – Минск: БГУ, 2022 – 464 с.

9. Лях В.И. Физическая культура. Методические рекомендации. 8—9 классы: учебное пособие для общеобразовательных организаций / В. И. Лях. — М.: Просвещение, 2021 — 4-е изд. — 239 с.

